

Өскемен қаласы әкімдігінің  
“№35 орта мектеп” КММ

Жобаның тақырыбы:  
**«Ай» түбірлес қазақ есімдерінің  
ерекшеліктері**

Орындаған: Оралхан Нұрдана  
8-“Г” сынып оқушысы

## **Зерттеудің мақсаты:**

Зерттеудің негізгі мақсаты қазақ «ай» түбірлес есімдердің ерекшеліктеріне тоқтала отырып, есімдердің шығу тарихына кеңінен тоқталу, есімдерді дұрыс таңдау керектігін дәлелдеу. Еліктеушілік қасиетіміздің өте жоғары деңгейде тұрғандығын дәлелдеу арқылы әрбір саналы қазақ азаматына ой тастау.

## **Зерттеудің міндеті:**

- - «Ай» түбірлес қазақ есімдерінің зерттелуі жайлы ғылыми еңбектер арқылы айқындау.
- - Ырымдап ат қою – қазақтың қанына сіңген дәстүрі екендігін дәлелдеу.
- - Қазіргі қазақ есімдерінің жіктелуін, қойылу маңыздылығын дәлелдеу
- - Көпшілікке осы есімдерді дұрыс таңдауға ой тастау

## **Зерттеу жұмысының жаңашылдығы**

Қазақ тілі білімі саласында есімдері сырына антропонимика, онамастика ғылымдарына сүйене отырып, ай түбірлес есімдердің сырын ашу, оларды мәні мен мағынасын аша отырып, ғылыми тұрғыдан дәлелдеу. Қазіргі осы есімдердің қойылуын, ерекшеліктерін дәлелдеу жұмыстың жаңашылдығы болып табылады

«Ай» түбірлес қазақ есімдерінің шығу тарихына тоқталсақ, бұл есімдердің өзі бүтіндей бір зерттеуді қажет етеді. Олардың семантикасына, ерекшеліктеріне тоқталар болсақ, есімдердің көбі басқа тілден енген. Айәділ-қазақ тілінен-ай+араб тілінен – әділ. Әділ, адал, шыншыл. Айбас-қазақ есімі- ай+бас, ай сияқты ашық, жарық жүзді адам. Айбат- қазақ есімі- айбар, қаһар, айбын. Бұл есім сәбиге батыл әрі батыр, айбынды болсын деген мақсатпен қойылады. Айбек- қазақ есімі- ай+бек- берік, мықты. Сәби ғұмырлы, беделді болсын деген тілекпен қойылған есім. Айбибі- қазақтың сөзі ай+тәжік тілінен алынған биби-айел, ханша деген мағынаны білдіреді. Бұл есім қыз бала сұлу, көркем болсын деген тілекпен қойылады. Түрлері -Бүбіш, Бүбіхан, Айбүбі, Бүбі. Айбике- екі сөзден бірігіп жасалған есім, сыңарындағы бике сөзі араб тілінде әйел деген сөз. Яғни айдай сұлу әдемі, көркем деген ұғымды білдіреді.

# Зерттеу нәтижелері бойынша

Сөздеріміз дәлелді болу үшін өз мектебінде оқушылардың «Ай» түбірлес есімдерін зерттеп, қазақы есімдер, трансформацияға ұшыраған есімдер, ай түбіріне басқа тілден енген сөздердің бірігуі арқылы жасалған есімдер деп жіктеп зерттеулер жүргіздік.


**Зерттеулердің нәтижесі төмендегідей болды.**

**Мектебімізде «Ай» түбірлес есімдердің 30 түрі бар, барлығы -75**

Мектептегі оқушылар саны	Қазақы есімдер	Трансформацияға ұшыраған есімдер	«Ай» түбіріне басқа тілден енген сөздердің бірігуі арқылы жасалған есімдер
1521/75	Айару-7	Айлин-2	Айзере-16
	Айерке-1	Айлана-1	Айзар-1
	Айқын-2		Айзада-1
	Айғаным-4		Аида-3
	Айназ-2		Айсана-1
	Айсұлу-2		Айша-2
	Айжұлдыз-1		Айсұлтан-4
	Айзат-2		Айшабибі-1

## Есімдердің қойылуы бойынша зерттеу нәтижелері

	Айым-6		Айдана-1
	Айрықай-1		Айнұр-2
	Айгерім-2		
	Айтұмар-1		
	Айбек-1		
	Айдос-2		
	Айерке-1		
	Айгүл-1		
	Айсерік-1		



Осы зерттеу нәтижелері қарасақ, қорытынды шығаратын болсақ мектебімізде **1521** оқушы болса, «ай» түбірлес есімдердің **75** түрі кездеседі.

Қазақы есімдер **51%** пайызды құрап отыр. Есімдердің ішінде архаизмге айналған есімдер де бар. “Ай” түбірлес қазақ есімдері **44%** пайыз, трансформацияға ұшыраған есімдер **5%** **Айлин (Айлуна, Айлы, Айлара)** – «ай» сөзінің трансформацияланған нұсқалары. Айнель (Айлуна, Айлы, Айлара) түркі тілдеріндегі «Ай» сөзінің трнсформацияланған формасы араб тілінде аин-көз,қарак, жүз көретін щыны, әйнек.

Мектебіміздегі «Ай» түбірлес есімдердің мағынасына тоқталсақ: «Айсұлтан - Айдай жарқырап жүрсін деген мағынада және Сұлтан қазақ арасында жиі кездесетін араб есімі. Билеуші мағынасын береді.

# Қорытынды

Сонымен, қазіргі кісі есімдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктерін талдау барысында бүгінгі қазақ антропонимиялық қоры ұлттық компоненттермен қатар, жаһандану үдерісіне байланысты кірме есімдермен толығып отырғандарын аңғаруға болады. Ұлттық ерекшеліктер мен мәдениетті көрсететін дәстүрлі есімдердің антропонимиялық қорда сақталып, архаизм есімдерге айналғандары да кездеседі. Бұл есімдердің кейбірінің орнын сол мағынаны білдіретін, алайда басқа тілден енген есімдер алмастырған. Өз тарапымыздан тарихи-мәдени есімдер (әлеуметтік) тобына енгізілген заманауи (трансформацияланған) есімдер топшасын саралай отырып, қазіргі таңда сәбиге есім таңдауда кеңінен қолданысқа ие заманауи кісі есімдерінің құлаққа жағымды естілуі мен сәнді болуына баса назар аударылатындығы анықталды. Ата дініміз Исламда «Әке мен шешенің баласының алдында үш міндеті бар: туғанда жақсы ат қою, дінге тәрбиелеу, үйлендіру (қыз болса – ұзату)» деген хадис бар.